


БАЛУАНИЯЗ БАСЫНДА

Күн жексенбі. Түс мезгілі. Үстірттің солтүстік шығысынан баяу желмен соғып тұрған таза ауа көңілді сергітеді. Осы жылы жаз айында салынған Балуанияз басындағы түнеуханаға қонақтар ағылып келе бастады. Ел қорғаған батыр бабаның рухына арналып құран хатым оқылды. Көп ұзамай үстел басына отырып Балықшы ауылы ақсақалдары жиынның мән-мағынасын ашып берді. Шіліңгір шілдедегі күннің аптап ыстығына, қаладан қашықтығына қарамай Сәбит Өкенұлы бастаған азаматтар жүздеген адам бір мезгілде отырып, ас ішіп демалатын түнеухана құрылысын аз уақытта бітіріп ел игілігіне жаратты. Бұл көптен көкейде жүрген шаруаны бастап кетудің өзі оңай болмады. Әу бастан ақ бел шешіп кіріскен ауыл ақсақалы Айтмұқанбет Әбдіразақұлы және ауыл азаматтары Сәбит Өкенұлы мен Асқар Кенжебайұлы құрылысқа керек шебер, техника, қол күшін ұйымдастыру сияқты күнделікті шаруалардың сапалы орындалуын қадағалап аз уақытта бітіруіне аянып қалған жоқ. Жаңаөзен қаласынан жүз елу шақырым жердегі жаңа құрылысқа керек-жарақ, құрал-жабдық жеткізудің өзі – қиындығы көп шаруа. Себебі тас жолдан түскесін де қырық бес, елу шақырым даланың ойлы-қырлы жолымен арнайы ауыр жүк көліктері болмаса басқа кез



келген көліктің бара қоюы екіталай. Руы балықшы Балуанияз батыр Мүсірепұлы бастаған Адайдың алпыс батыры 1856 жылы дәл осы жерде, яғни Қараған Босағада Маңғыстаудың ойында

отырған қазақ ауылдарын тонап олжалап келе жатқан көптеген малмен жанды өздерінен бірнеше есе көп Хиуа хандығының жеңдеттерінің қолынан жан пида ерлікпен қорғап алып қалған. Бұл айтулы қанды қырғын тарихтан «Адайдың алпыс батыры» деген атаумен белгілі. 2011 жылдары Жаңаөзен қаласы Ақсу шағын ауданы алаңынан ел қорғаған батыр бабалар кешені салынды. Сол кешенде барлық алпыс батырдың есімдері жазулы тұр. Осы жорық қолбасшысы Балуанияз батыр жау қолынан қаза табады. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары ұрпақтары Қараған Босағадағы батырдың басына күмбезді ескерткіш орнатқан. Бұл жиында Балуанияз батыр ұрпақтарынан басқа көптеген қонақтар да болғанын айта кету орынды. Ақтөбеден, Ақтаудан, Бейнеуден келген қонақтар игі тілектерін айтып ағайынның ауызбірлігіне ризашылығын білдірді. Соның ішінде ескелді Тұрмамбет ұрпағы бейнеулік ақын Сәрсен Қадірдің арнау өлеңі ерекше әсер қалдырды. Осындағы құрылыс кешенінен басқа Бекет атаға баратын тас жолдан Балуанияз қорымы бағытына қарай даланың қара жолына түсетін жерге Балуанияз батырға, бегей Төлей ишанға, бегей Көбенге әрбіреуінің ара қашықтығы жазылып белгі қойылған. Белгіні қоюда бегей ұрпағы Балтабай Өтемісұлы көп еңбек сіңіргенін балықшы ауыл ақсақалдары айтып алғыстарын білдіріп, елге еңбегі сіңген ерен тұлғаларды мәңгі есте қалдыруда ұрпаққа үлгі екенін айтудан жалықпады. Ас-садақа соңында

жүргізуші балықшы ұрпағы Асқар Кенжебайұлы және Сәбит Өкенұлы ата ұрпақтарына, қонақтарға, бүкіл жаз бойы қызмет жасаған ауыл азаматтарына алғысын айтып, шапан жауып сый құрмет көрсетті. Осы нысанды салуда көп еңбек сіңірген Сәбиттің азаматтығы, ұйымдастырушылық қабілетін сөз қылғанда көз көрген ауыл ақсақалдары оның әкесі марқұм Жолдыбайұлы Өкенді еске алып, ол кісінің халық арасындағы беделін, шалғайдағы ауылдарға ерінбей басып араздасып қалған ағайынды татуластыру, басқада елішілік түсінбестікпен арты бітіспес дауға ұласатын жағдайларда қиыннан қиыстырып жол тауып келісімге келтіріп достастырып кететін билігін айтып еске алып отырды. «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген аталы сөз осындайда айтылса керек. Бұл жиыннан түйгеніміз – XIX ғасырдағы ел басына күн туған жаугершілік заманда ел мен жерді сыртқы жаудан жан аямай күресіп өздерінен бірнеше есе көп қалың қолға тайсалмай қарсы шапқан, шыбын жанын шүберекке түйген ерен ерлердің ерлігін ұмытпай ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған ауыл ақсақалдарымен азаматтарының ауызбірлігі мен елін сүйетін ұрпақ тәрбиелеп, оларға үлгі бола алатындығына көңіл қуанып, жанымыз жадырап қалғаны рас.

Төлесін МАМУТОВ.
Жаңаөзен қаласы. Қазан 2025 жыл.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЕНГІЗУ

Қазақстан қазіргі таңда экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектіні енгізуге басымдық беріп отыр. Ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялағаны белгілі. Оның сөзінше, Қазақстан цифрлық державаға айналуы тиіс. Осы мақсатта ол өз Жолдауында Қазақстанды үш жылдың ішінде цифрлық елге айналдыру қажет деген нақты міндет жүктеді. Алға қойған мақсатты жүзеге асыруда кәсіби кадрларды даярлау үшін мектептер мен университеттерде тиісті білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Мысалы, 650 мыңнан аса студент «Al-Sana» бағдарламасы аясында білім алған. Алдағы уақытта жасанды интеллект мамандандырылған зерттеу университеті ашылады деп жоспарлануда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жасанды интеллект саласында мамандар даярлауға бағытталған «Al-Sana» инновациялық бағдарламасын жүзеге асыру аясында оқу жылының басында Ш.Есенов университетінде «Білім мен индустрия: жасанды интеллект және интеллектуалды экожүйелер» атты форум ұйымдастырылды. Іс-шара Yessenov University-дің компьютерлік ғылымдар және жасанды интеллект факультеті мен Mangystau Hub-тың серіктестігі аясында өтті. Қатысушылар жасанды интеллект саласында мамандар даярлаудың жаңа тәсілдерін және университет пен индустрия арасындағы әріптестіктің тиімді үлгілерін талқылады. Сонымен қатар форум аясында Yessenov University-де Edu01 халықаралық білім беру платформасының мүмкіндіктері және Huawei ICT Academy зертханаларының алғашқы нәтижелері таныстырылса, оқу орнында студенттер үшін ерекше іс-шара –

«Huawei ICT 2025-2026 Roadshow» өтті. Бұл іс-шара барысында студенттер IT және автоматтандыру саласындағы құзыреттерін арттырып, «Huawei» компаниясының заманауи технологияларымен, халықаралық бағдарламаларымен және сертификаттау мүмкіндіктерімен танысты. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауында айтылғандай: «Жасанды интеллект пен цифрлық шешімдер – еліміздің жаһандық бәсекеге қабілетті болуының басты кепілі». Осы мақсатқа жету жолында Huawei Roadshow – негізгі қадам болып отыр. Бұл ретте университет шеңберінде де Президент Жолдауындағы жасанды интеллекті құрылымдарын күнделікті сабақ үрдісіне енгізуде Ш.Есенов университетінің тарих және дәстүрлі өнер кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы да атсалысуда. 2025-2026 жылдың оқу жы-

лында оқытушылар Қазақстан тарихы және басқа да арнайы пәндер бойынша цифрлық технологияның жетістіктерін қолдана отырып, шеберлік және ашық сабақтар өткізіп келеді. Кафедра оқытушылары жасанды интеллект құрылымдары арқылы оқу материалдарын жөкелей бейімдеп, студенттердің оқу үдерісіне қатысуын бақылауды, оқу нәтижелерін бағалауды ұтымды қолдана білді. Оқытушылардың оқу процесінде жасанды интеллектінің тарих пәнінде қолдануы оқыту процесін жандандыруға және оқу тиімділігін арттыруға үлкен мүмкіндіктер ашады, сондай-ақ білім алушылар мен оқытушыларға арналған көмекші құралдар құру сияқты көптеген функцияларды орындай алады. Мемлекет басшысы өз Жолдауында Қазақстанды үш жыл ішінде толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде стратегиялық міндет қойып, ауқымды цифрлық жаңғырту кадрларға, адам капиталына жаңа талаптар қоятынын атап өткен еді. Сондықтан жасанды интеллект саласындағы технологияларды тиімді енгізу үшін үздіксіз дамыту, олардың қолданысын қадағалау және оқытушыларды оқыту маңызды. Осыған орай Ш.Есенов университетінде білім беру бағдарламаларына жасанды интеллектті қолдану дағдыларын енгізу және үздіксіз білім беру институты арқылы оқытушыларды біліктілікті арттыру курстарынан өткізу жолға қойылған.

Римма ЕРЕЖЕПОВА,
Ш.Есенов атындағы КТИУ,
тарих және дәстүрлі өнер кафедрасының аға оқытушысы.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ВЕБ-ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру мен халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Электрондық үкімет» (eGov.kz) веб-порталы кеңінен қолданысқа енгізілген. Бұл портал азаматтарға мемлекеттік қызметтерді онлайн түрде алу мүмкіндігін ұсынып, уақытты үнемдеуге және сыйбалас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Мұнайлы ауданының №4 жалпы білім беретін мектебі 5 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Олар: Біріншісі – бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқытумен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан білім беру ұйымына құжаттарды қабылдау, оқуға қабылдау, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдар арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау. Екіншісі – бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау. Үшіншісі – жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттары тегін жеңілдетілген тамақтануды ұсыну. Төртіншісі – мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалу үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру. Бесіншісі – негізгі, орта, жалпы орта білім беру құжаттарының төл нұсқаларын беру. Мектепте жасаталған өзін-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы Дәулет ауылы тұрғындарымен педагог кадрлар әр түрлі мемлекеттік қызмет түрлерін ала алады.



Бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамдық қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамның мүшелері жастардың бойында цифрлық мәдениетті қалыптастыру – қоғамның алдында тұрған басты міндет. Осы бағытта жыл сайын мектеп бітіруші түлектерге электронды мемлекеттік қызметтерді алу бойынша семинар практикумдар ұйымдастырылып тұрады. «Электрондық үкімет» веб-порталы – мемлекеттік басқаруды цифрландырудың нақты көрінісі. Бұл жүйе азаматтардың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін жеңілдетіп қана қоймай, қоғамның цифрлық мәдениетін арттыруға зор үлес қосады. Мемлекеттік қызмет көрсету – бұл еліміздің әлеуметтік экономикалық дамуының негізі.

Әлия КІСІБАЕВА,
Дәулет елді мекеніндегі №4 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі.

БАСПАСӨЗ-2026

«МАҢҒЫСТАУ»

газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр

«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

Туған өлкеңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ			
Жазылу түрлері	Редакция арқылы жазылу бағасы	«Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс
Занды тұлғалар үшін 1 жылға	16 370,00	25 881,96	15492
Жеке тұлғалар үшін 1 жылға	8 185,00	12 947,52	65492

Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай кен орнының объектілерінде орналасқан ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға арналған жұмыс жобаларына тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Объектілердің атауы:
1. Маңғыстау облысының кен орындарындағы Жетібай тобының XXVII кезек тығыздаушы ұңғымаларды жайластыру;
2. Жетібай тобының кен орнында 2-ӨҚ, 3-ӨҚ, 14А-ӨҚ және 19Б-ӨҚ өлшеу қондырғыларының Автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғыларын (АТӨҚ) салу;
Учаскенің географиялық координаттары және өсер ету аумағының географиялық координаттары: 43°35'22" с. ш. 52°06'51" в. д.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу аумағы, күні, уақыты және орны: 2026 жылы, 24 ақпанда сағат 15.00-де «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ғимаратында, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы.
Microsoft Teams онлайн платформасында өтеді: https://teams.microsoft.com/j/19%3ameeting_NzJhNzk0MGYtMTRlMi00MDlmLThlZTMtNWFlZjM5MWE0MjJl%40thread.v2/0?context=%7b%22Tid%22%3a%22e4778351-b6a4-4b2f-96ed-267c152630db%22%2c%220id%22%3a%227d78b762-f129-45ab-9feb-91e6285f3c2b%22%7d
Конференция идентификаторы: 430 883 993 511 2
Құпия коды: qP7Rv6RZ
Тұтынушы: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, БСН: 990140000483, Ақтау қ., 6-ші/а, 1-ғимарат, тел.: 8 /7292/ 212-226.
Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>.
Жобаның әзірлеушісі: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Күрделі құрылыс департаменті, «Construction NS» ЖШС.
Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурсында орналасқан.
Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: a.zhaparova@mmg.kz , тел: 212-226
Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> және электр. ЖАО мекен-жайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

БҰЛ БОС ОРЫН СІЗДІҢ ЖАРНАМАҒА АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42

«Думан Ломбард» ЖШС көпідікке салынған мүліктің сауда-саттығын хабарлайды.

Уақыты, мекен-жайы: 05.02.2026 11-шағын аудан, 39-үй, 2-пәтер, сағ 09.00-де.

Сауда-саттық өткізу өдісі: ағылшын.